

Заманауи өмірдегі дәстүрдің ықпалы

МҰРА

Эпизод 1

Ұлбосын таңда ұйқысынан тұрып, бетін жуып, сиыр сауады. Өз жұмыстарын істеп болып, ойланып отырады. Сүйтіп, телефонын ашқанда көзі бүгін қай күн екеніне түседі. Ұлбосын:

- (таңқалады) Ертең менің апамның туған күні ғой. Не сыйласам екен. Давайте, әлеуметтік желіден қарап көрейін.

Әлеуметтік желіні қарайды. Ол жерден сыйлық іздеп отырғанда бір бейне шығады. Ол жерде қазақ қыздарының бұрынғы бұйымдарын таныстырып отырады. Бірде «Өңіржиек» деген алқа жайлы айтады. Қыз соны қарап отырып, апасына соны сыйлауға бел буып, іздеуге шығады.

Эпизод 2

Қыз қалада ол сыйлықты қай жерден іздерін білмей, алтын, күміс бұйымдар сататын жерге баруды жөн көреді. Бірақ барлығы өз ойлағанындай болмайды. Қанша жерді іздесе де өз қалағанын таба алмайды. Іздеп келе жатып алтын сатып отырған апаның жанында тұрған кезде

Апа:

- Қызым-ау, бағанадан бері байқап тұрмын. Ештеңені ұнатар емессің. Іздегенің не еді өзі?
- Апа, маған (телефонынан сыйлықтың фотосын іздейді) міне мынандай ерекше бұйым керек.
- Ойбу, қызым-ау, сен іздейтін жерден қателескенсің ғой. Бұндай бұйымдарды тек ұлттық зергерлік бұйымдар сататын жерден таба аласың.
- Көп – көп рахмет, апа.

Ары қарай зергерлік бұйымдар жасайтын жерге барады.

Эпизод 3

Ауылдың кешкі көрінісі. Самаурын, қазанда ет қайнап жатыр. Қыздар бауырсақ пісіріп, дастархан дайындап жатыр. Кішкентайлар телефон ойнап, Наурызбек үлкендердің қолына су құюға дайындалып жатыр. Наурызбек үлкендердің қолына су құйып болып, ағасының қолына су құйып жатқанда:

Ағасы:

- Ей, қазір ғана қолымды жуып келдім ғой.

Бұл көрініске қарап отырған атасы, байсалды үнмен:

- Бисмилляхи рахмани рахим. Е, балам, бұл су құйғанда не мағына жатыр. Білесің бе, сен? Бұрында Дәуіт пайғамбардың 30 ұлы болған. Бір күні намаз оқып отырғанда 30 ұлы да қайтыс болып кетеді. Содан кейін Алла Тағала Дәуіт пайғамбарға бір ұл береді. Бірақ ол ұлының өмірі қысқа болады дейді. Міне, Алла Тағаланың кереметтігін қараңыз, ол бала сарайға келген адамдардың қолына су құяды. Ал, адамдар оған риза болып, өз алғыстарын айтады. Бала қолға су құю арқылы сауапқа кенеледі. Сүйтіп оның өмірі ұзарған екен.

Біраз уақыт өткен соң:

Қызы:

- Ал, апа, сіздің туған күніңізге арнап, ана туралы жырымды арнап берейін. (домбырамен М.Беспаевтің «Жан ана» әнін орындайды.)

Кешкі уақыт келіндер жайма салып, тамақ алып келеді. Тамақ ішіліп болған соң, қазақтың дәстүрі бойынша келіні табақты сәлем салып дастарқаннан алады.

Апаның туған күніне сыйлық табыстау сәті де келеді.

Келіні:

- Туған күніңізбен, апа! Өмір жасыңыз ұзақ болсын.

Басқа келіндері де өз сыйлығын табыстайды. Ең соңынан немересі:

- Апа, менің сізге арнайы сыйлығым бар. Мінекей.

Келіндері (таңқалып):

- Бұл не екен? Естулерің бар ма?

Апа:

- Ей, келіндер. Мынаның мән мағынасын білсеңдер. Міне мынау бала кезім, ал мынау бойжеткен шағым, мынау ана атанған кезім. Мынау тұрған үш ұл, төрт қыз жеті перзентім өсіріп отырған. Тәрбиелі қыз өсіріп, мықты ұл өсіріп, бұлардың өзі қазір ата-ана болып, бізден көрген жақсы тәрбиелерін алып, өздері де жанұя болып отыр. Ата – ананың жақсылығы барлығы өздеріңе алдарыңа келеді.

Келіні:

- Төрт қыз, үш бала дейсіз бе? Неткен керемет! Қайдан біліп жүрсің, Ұлболсын?
- Әлеуметтік желіден көрдім.

Ата бата беріп жатыр.

Автор сөзі:

- Дәстүр – ескінің елесі емес. Ол – үндемейтін ұстаз. Оны тыңдау үшін – жүрек керек. Ал тыңдау – әр ұрпақтың парызы.